

Аккумулятор батареяларының кейбір түрлерінің импортына қатысты іс қарауды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 маусымдағы № 535 Қаулысы

«Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі:

1) Беларусь Республикасынан және Ресей Федерациясынан шығарылатындарын және әкелінетіндерін қоспағанда, мына тауарлар импортына қатысты іс қарауды б а с т а с ы н :

Кеден одағының Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының 8507 10 920 9 кодымен жіктелетін, поршеньді қозғалтқыштарды іске қосу үшін пайдаланылатын, сұйық электролитпен жұмыс істейтін, салмағы 5 кг астам өзге де электрлі, қорғасынды аккумуляторлар;

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының 8507 10 980 9 кодымен жіктелетін, поршеньді қозғалтқыштарды іске қосу үшін пайдаланылатын, салмағы 5 кг астам өзге де электрлі, қорғасынды а к к у м у л я т о р л а р .

2) іс қарау рәсімі аяқталғанға дейін Беларусь Республикасынан және Ресей Федерациясынан шығарылатындарын және әкелінетіндерін қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тауарлар импортын лицензиялауды жүзеге асырсын;

3) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін іс қараудың басталғаны туралы хабардар етсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1269 Қаулысымен .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*